

15.1. Оқу мерзіміне арналған критерийлер: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

"Васильковка ауылының негізгі орта мектебі" КММ-де жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес келеді. (Бастауыш білім беру деңгейі үшін 46-тармақтың 5-тарауы, негізгі орта білім беру деңгейі үшін 62-тармақтың 5-тарауы). "Васильковка ауылының негізгі орта мектебі" КММ бастауыш мектеп курсының жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын 1- 4-сыныпқа дейін 4 жыл, негізгі орта білім беру курсының жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын 5-9сыныпқа дейін 5 жыл меңгереді.